

Анықтама

Атырау облысы білім сапасын бақылау департаментінің 2021 жылғы 22 қарашадағы №10-02-8/629 бұйрығына сәйкес 2022 жылы 12-қаңтар мен 11-ақпан аралығында өзін-өзі аттестаттау кезінде берілу жайының қорытындысы туралы.

Кітапхана-ғасырлар бойы келе жатқан биік парасаттылық пен білімділіктің киелі ордасы. Білімнің тұнық та мөлдір бұлағынан шәкірттерді сусындатып, олардың рухани дүниесін молайтып, тағылымы мол тәрбие ошағына айналып отырған кітапхананың мектепте алар орны орасан зор.

Кітапхананың басты міндеттерінің бірі: мектеп ұжымының барлық мүшесіне оқулық бағдарламаларын, кітаптарды және басқа ресурстарды ұсына отырып, пайдаланушылардың ойлау және ақпараттың барлық түрін тиімді пайдалану жүйесін дамытады.

Ендеше мектеп кітапханасы-ақпараттық білім беру орталығы.

Кітапханашының сапалық құрамы төмендегідей:

Р/С	Аты-жөні	Туған жылы, күні, айы	Бітірген оқу орны, бітірген жылы	Білімі	Мамандығы	Еңбек өтілі
1	Мергенова Мейрамгүл Мергенқызы	06.03.1979	Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті. 2000-2005ж.	жоғары	"Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі"	3 жыл

Мектеп кітапханасы ғимараттың бірінші қабатында орналасқан. Кітапхананың жалпы ауданы 54 шаршы метр. Бөлек оқырман залы жоқ, 12 орындық. Обономент бөлімінде оқырмандарға арналған түрлі тақырыптарда бұрыштар мен көрмелер жасақталған, көркем әдебиеттер альфавит бойынша орналасқан.

Сонымен қатар, арнайы кітап сөрелерінде анықтамалық сөздіктер, тағы басқа көмекші құралдар орналасқан. Кітап қорын сақтау бөлмесі бөлек, қарама-қарсы кабинетте орналасқан, қоймадағы артық кітаптар сыныптар бойынша жинақталған.

Мектеп кітапханасында 41468 дана кітап қоры бар, оның ішінде оқулығы 21807 дана, көркем әдебиет 16241 дана, әдістемелік 3420 дана, электрондық оқулық 229 дана және мерзімді басылымдар құрайды. Қазақ тіліндегі кітаптар саны 26162.

Кітапхананың 2017-2021 жылдардағы статистикалық есебі:

Р/С	Атауы	2017-2018	2018-2019	2019-2020	2020-2021	2021-2022
1	Кітап қоры	52349	47892	45371	43189	41468
2	Оқулық	33072	28502	26071	23839	21807
3	Әдістеме	3548	3600	3510	3546	3420
4	Көркем әдебиет	15709	15790	15790	15804	16241
5	Оқырман саны	430	432	435	455	468
6	Сынып саны	28	25	26	28	26

Кітапханаға келіп түскен басшылыққа алатын құжаттар бар және мүлік кітаптары нөмірленіп, шнурланған, мектеп мөрімен бекітілген. Кітапхана қорынан жарамсыз

кітаптарды шығару актілері жинақталған, мектеп директорының бұйрығы тігілген. Оқу жылы басында мектеп әкімшілігі бекіткен жылдық жұмыс жоспары жасақталып, жоспарға сәйкес жұмыс жасалуда. Сондай жұмыстардың бірі тұрақты кітап көрмелері. Атап айтар болсақ: "Қазақстан-мәңгілік ел" кітап көрмесі қазақ елінің болашағын насихаттау, оқушыларды ел байлығымен таныстыру.

"Тіл тағдыры-ел тағдыры" тақырыптық көрмесі мемлекеттік тілімізді оқушыларға кеңінен насихаттау. Ана тілді құрметтеуге дағдыландыру. Ана тілінің байлығын ұғындыру. Тіл туралы жазылған әдебиеттерді насихаттау, тіл туралы кеңінен ақпарат беру мақсатында жасақталған.

"Тағылымы мол тарих" тақырыбындағы көрменің мақсаты: Халқымыздың басынан өткен тарихы, тәуелсіздікті аңсап өткен ата-бабаларымыз туралы, Ұлы Отан соғысы, "Желтоқсан" оқиғасында қыршын кеткен жастарымыз туралы мағлұмат беру, әдебиеттерін насихаттау.

"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында "Абай-дара, Абай-дана қазақта" тұрақты көрме, Тәуелсіздіктің 30 жылдығына "Тәуелсіздігімізге-30 жыл" тақырыбында көрме шығарылып, оқушыларға тәуелсіздік жетістіктері туралы таныстырылды.



Шығармашыл талантты оқушыларды айқындау мақсатында түрлі жұмыстар ұйымдастырылады. Кітапханаға оқушылар жиі келіп, қажетті әдебиеттерін жазғызып алып отырады, білімдерін толықтырады. Бұл орын оқушылардың шығармашылықпен жұмыс жүргізуіне де, ҰБТ-ге дайындалуына да көп ықпал тигізеді. Сонымен қатар, кітапханамызда оқырмандарымызды қызықтыру үшін сынып жетекшілерімен, пән

мұғалімдерімен бірлесе көптеген іс-шаралар өткізіліп тұрады. Қыркүйек айында Білім күніне "Білім-ырыстың тізгіні" көрме, тіл мерекесі апталығына "Тіл-ұлттың жаны" тақырыптық көрме, "Тіл басты-рухани қазына" атты 6-сыныптарға библиографиялық шолу ұйымдастырылды. "Буккроссинг", "Оқы да өзгеге ұсын" акциясы өткізіліп, оқушылар өздерінің оқыған кітаптарын бір-бірімен алмасты. Ж. Жабаевтың туғаныны-175 жыл толуына орай "Жыр алыбы-Жамбыл" атты кітап көрмесі шығарылып, 7-8 сынып оқушыларына таныстырылды.



Б. Момышұлының "Ұшқан ұя" кітабы бойынша оқырман конференциясы өтті. Бұл конференция мақсаты: Жас ұрпақты отансүйгіштікке, елжандылыққа тәрбиелеу. Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза тапқан жауынгерлердің рухына бас иіп, олардың ерліктерін мәңгі есте сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыру, кітап білім көзі екендігін насихаттай отыра кітапхананың тұрақты оқырмандарының мәртебесін көтеру, кітаппен достасуға үндеу, оқушылардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру.

Міндеті: 1. Оқырмандардың әдебиетке деген ынтасын арттыру.

2. Оқырмандарды кітапқа талдау жасауға үйрету.

3. Шебер сөйлей білуге үйрету, ой-өрісін кеңейту.

Бұл конференцияның өтілу барысы жөнінде бағдарламасы барлық сыныптарға жіберіліп, дайындалған сұрақтар барысында дайындалып келу оқушылар мен мұғалімдерге берілді. Осы 10 сұрақ төңірегінде жалпы әр сыныптан 2 оқушыдан жақсы дайындықпен келгендерін көрсетті. Ең алдымен батыр бабамыз Бауыржанның өмірі мен

шығармашылығы туралы 4-5 оқушы толық мәлімет берсе, қалған 10 сұраққа әр сыныптан көптеген оқушылар өздерінің дайындаған рефераттарын, баяндамаларын слайд арқылы қорғап шықты. Бұл конференцияға барлық оқушылары жоғарғы дайындықпен келгендерін көрсетті. Б.Момышұлының бұл повесінен өздерінің толыққанды түсінгендіктерін, шығарманы талдау барысында шебер сөйлейтіндіктерін, сөз саптау барысында көрсете білді. Конференцияның ортасында оқырмандарға бейнероликтен әр түрлі тапсырмалар суреттер, сұрақтар түрінде беріліп оқырмандар тұшымды, жүйелі жауаптар қайтарды. Ұлы Отан соғысына байланысты сазды әндер жіберіліп, «Бейбіт өмір сыйлаған Ұлы Жеңіс» кітап көрмесі ұйымдастырылып, библиографиялық шолу жасалды. Конференцияның соңында Бауыржан Момышұлының ерлігіне пара-пар қазіргі ұрпақтар, сендер қандай ерлік жасар едіңдер? дегендей оқушы ойын байқау мақсатында сұрақтар қойып, қазіргі жастардың тәрбиесі жөнінде құнды пікірлерге ұштастырды. Және де осы конференция жөнінде мұғалімдер, өз пікірлерін ортаға салды. Мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі М. Сапағұлова батыр бабамыз туралы толыққанды мағлұмат берді. Конференция өз дәрежесінде, мазмұнды өткізілді.

Конференцияға қатысушы оқырмандарды кітапханашы алғыс хат және дипломдармен марапаттады. Ұлттық салт-дәстүрді ұлығылау, жас ұрпақтың бойына рухани байлығын қалыптастыру мақсатында «Салт-дәстүрді ғұрыптайық» атты тәрбиелік шара өтті.

Мақсаты:

- 1.Оқушылар бойына халқымыздың рухани байлығын сіңіру, ұлтымыздың дәстүрлерінен үлгі алдыру.
- 2.Салт-дәстүрге деген қызығушылығын арттыру.
- 3.Оқушыларды ұлттық салт-дәстүр үрдісінде тәрбиелеу.

Еліміздің асыл қазыналарына салт-дәстүрімізде жатады. Ол да егемендігіміздің арқасында қайта оралды. Салт-дәстүріміздің түрлері өте көп. Оның бала тәрбиесімен жалпы адам тәрбиесіне мәні зор. Салт-дәстүріміздің қағидаларымен ережелерін жасап, осы уақытқа дейін сақтап келген-өзіміздің қазақ халқы. Осы салт-дәстүрімізді тұрмыстық негізде әлі де қолданып жүрміз. Сонымен қатар қазақта нақыл сөздер, мақал мәтелдер, салт-дәстүрімізге байланысты тиым сөздер өте көп. Қай сөзін алсақ та астарында терең ой жатады.

Оқушылардың кітапханаға қатысы бірқалыпты, көркем әдебиет, оқулықтар, газет-журналдармен қамтылды. Оқушылардың оқу – тәрбие үрдісінде оқырмандарға кітапты насихаттауда әр түрлі көпшілік шаралар өткізіліп тұрады. 2020 жылы Тамыздың 31 күні «Азат елдің Ата заңы», қазан айында «Мақтанышым –ана тіл» көрме жасақталды. 5-8 сынып оқушылары арасында «Әдеби кітап оқисыңба?» әңгіме сағаты өтті. Қараша айында 7-сынып оқушыларымен Ақын жазушылар өлеңдерін мәнерлеп оқу сағаты өтті. Желтоқсанда 9 сынып оқушыларымен «Тәуелсіздік тұғыры биік болсын» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Наурыз айында «Ең үздік оқырман» байқау, «Кітап сарқылмайтын рухани қазына» оқырмандар конференциясы, Сәуірде Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында «Рухани жаңғыру – жарқын болашақ» тәрбиелік шара, мамыр айында ҰБТ- білім сапасының негізі бұрышы жасақталды. "Оқуға құштар мектеп" жобасы бойынша көркем әдебиеттерді оқуды оқушылар мен мұғалімдер арасында насихаттау мақсатында түрлі форматтағы көрмелер ұйымдастырылды. «Халықаралық және балалар кітабы күніне» орай «Телефонды таста, кітап оқуды баста!» ұранымен кітап апталығының іс шарасы жасақталып, өткізілді. Каникул кезінде «Отбасымен бірге оқимыз», «Ертегі айтып берейін», «Жалғастырып оқы» тақырыптарында онлайн форматта шаралар өтті. Мектеп оқушылары өздері оқыған қызықты кітаптарынан қысқаша түсініктерін айтып, достарына оқуға кеңес бере отырып, оқуға сыйға тартты.

Мектеп акциясы аясында өткізілген іс-шаралардың мақсаты оқушылардың бойына кітап оқу дағдысын қалыптастыру, кітап оқуға қызығушылығын ояту.

1-4 оқушылары арасында «Мен және кітап» сауалнамасы жүргізілді. Сауалнамаға 45 оқушы қатысты. 4 а,б сыныптарында «Кітап асып-таспайтын асыл қазынамыз» кітапханалық дөңгелек үстел өтті. Шараға 25 оқушы қатысты. 4 а,б сыныптарында «Кітап асып-таспайтын асыл қазынамыз» кітапханалық дөңгелек үстел өтті. Шараға 25 оқушы қатысты. 5-8 сынып оқушыларының арасында «Дауыстап кітап оқу – руханиятқа талпынысты ояту» мәнерлеп оқу байқауы өтті. Шараға 16 оқушы қатынасты.

Осы акциядан мектеп оқушылары «Кітап жоқ әлемді елестету қиын екендіктерін, кітап бізге өмірдің ғажайып құпияларын ашады және қиын сәтте пайдалы кеңестер береді, өз-өзімізді түсінуді үйретеді» деп ой түйді. Біздің кітаптардан алатын біліміміз біреулерге бұрыннан белгілі дүниені ашуға уақыт кетірмей алға жылжуға мүмкіндік береді. Кітаппен тілдесу адамның дамуына және жетілуіне көмектеседі.

Кітапхана қорына жаңадан келіп қосылған кітаптарды насихаттау барысында хабарландырулар, слайд, қысқаша кітап туралы мағлұмат беретін видеолар жасақталып таныстырылды. Мектеп оқушыларының оқулықтарына рейд жүргізіліп отырады. Кітапхана 21 түрлі газет –журналдарға жазылып мұғалімдер күнделікті баспасөз бетіндегі жаңалықтармен танысып, өздеріне керекті мәліметті пайдаланып отырады. Қ. Абаханов орта мектебі кітапханасында 468 оқырман қамтылған. Оның 52 мұғалім. Қорыта айтқанда, қазіргі кезде қоғамымыздың дамуына қарай ақпаратты жан – жақты алуға мүмкіндік туғанымен кітапхана арқылы әдеби кітаптарды оқи отырып алатын білім мен сауаттылықтың орны ерекше.

Қ. Абаханов атындағы орта мектеп кітапхана меңгерушісі М. Мергенованың жетістіктері: **2020.12.05-Диплом.** "Желтоқсан" айында өткізілген Республикалық "Кітапхана блиц-турнирінің 1 орын жеңімпазы. **2021.04-Алғыс хат.** "Үздік буктрейлер" аудандық байқауы. Жетекшісі: М.Мергенова **2019-Алғыс хат.** Аудандық "Үздік кітапхана кабинеті" байқауы. **2021.12-Диплом.** "Үздік оқырман отбасы" аудандық байқауында "Белсенді оқырман отбасы"-номинациясы. **2021.03-Диплом.** "Кітап-сарқылмайтын қазына" аудандық байқауы "Сүйікті шығарманы иллюстрациялаймыз"-1 орын. Жетекшісі: М.Мергенова

Төмендегі ұсыныстарды енгіземін:

1. Кітапхана ішінің безендірілуінің, бұрыш тақырыптарын орналастыру реттіліктерін жүйелеу.
2. Оқулықтардың ұсталуын қадағалауды пән мұғалімдері мен сынып жетекшілеріне басты назарда ұсыну.
3. Кітапхананың материалдық, техникалық базасын мүмкіндігіне қарай жаңарту.
4. Оқушылардың көркем әдебиетті басты жолға қоюы.

Анықтама жазған: М. Мергенова